

**№ 40 жалпы білім беретін орта мектебі**  
**Тақырыбы: “Отбасы-шағын мемлекет” мектепшілік тәрбиелік іс-шара**  
**хаттамасы**  
**2023-2024 оқу жылы**

**Өткізілген орны:** 204 кабинет

**Қатысушылар:** 4 класс ата-аналары мен қыз балалары

**Өткізілген күні:** 11.09.2023ж.

**Өткізген:** мектеп психологі Баймишева А.М.

**Семинар мақсаты:** Ата-ананың мәнін, мазмұнын ашу, ата-анамен бала қарым-қатынасының маңыздылығын түсінуге көмектесу.

**Жоспар:** Бала тәрбиесі туралы баяндау

- ✓ Тыныштық сәті: «Гүлдің оянуы»
- ✓ «Қызықты сұрақтар» ойыны
- ✓ “Адасқан әріптер” ойыны.
- ✓ “Мұхиттағы кеме” ойыны
- ✓ «Бейсана кеңестері» метафоралық ассоциативті карталармен жұмыс
- ✓ Рефлексия

**Қорытынды:** Қатысушылар сабаққа үлкен қызығушылықпен қатысып, белсенділік танытты және алғыстарын білдірді.



**Мектептегі психологиялық қызмет**

## “Отбасы - шағын мемлекет” тақырыбындағы мектепшілік семинар бағдарламасы

**Өтетін орны:** № 40 жалпы білім беретін орта мектебі. 204 кабинет

**Қатысушылар:** 4-класс ата-аналары мен оқушылары

**Өтетін күні:** 11.09.2023ж.

**Жауапты:** мектеп психологі Баймишева А.М.

**Семинар мақсаты:** Ата-ананың мәнін, мазмұнын ашу, ата-анамен бала қарым-қатынасының маңыздылығын түсінуге көмектесу.

**Қажетті құрал-жабдықтар:** музыкалық колонка, ақ парақтар, түрлі-түсті карандаштар, ватман, метафоралық ассоциативті карта, суретті карточкалар.

**Ұйымдастырушы:** (Білім алушыларға сабақ мақсаты, барысы туралы баяндалады) “Бала тәрбиесі” ұлттық құндылықтарымызды насихаттайтын ата-ана мен бала қарым-қатынасы туралы бейнеролик көрсетіледі.

Көптеген зерттеулер эмоционалды әл-ауқаттың оң әсерін көрсетеді: оқу үлгерімі+психикалық даму+дағдыларды дамыту+мектеп климаты.

### Ата-ана балаға стрессті жеңуге қалай көмектесе алады?



\* Мәскеу мемлекеттік психологиялық-педагогикалық университетінің жедел психологиялық көмек орталығының материалдары негізінде

Бүгінгі таңда: бала мен ата-ананың мақсаттары арасында; баланың нақты мүмкіндіктері мен ата-анасы күтетін үміттің арасында; баланың қызығушылығы мен мен оқу әрекеті арасында қайшылықтар бар.

Мұндай жағдайда мәселені шешудің бір жолы баламен сөйлесу, яғни диалог. -дамытушы диалог - дамудың әмбебап құралы; -дамытушы диалогтың басты сипаты балаларымызбен қарым-қатынастағы ниетіміздің, көңіліміздің, ойымыздың тазалығымен анықталады; -мәселеленің шешімін табу - қарым-қатынаста диалог құралын жүйелі пайдалану шартымен ғана жүзеге асырылады; -өзара құрмет, сыйластық, сенім, махаббат болмаса кез келген диалогтың мәні болмайды.

Жүргізушінің түсіндірмесінен соң, ата-аналарға және балаларға сұрақтар беріліп, олардың пікірі талқыланады.

**Тыныштық сәті: (баяу музыканың үнімен өткізіледі.) «Гүлдің оянуы»**

Терең демалайық! Құдіретті жарық түсіп тұрғанын елестетіп көріңіздер. Бұл қайырымдылық, бақыт, бейбітшілік және қуаныш жарығы. Қандай тамаша! Қане, сұлулықты тамашалап көрейік! Бұл таңғажайып жарық жүрегімізге тыныштық, қайырымдылық, сүйіспеншілік әкелсін. Ішкі дүниеміз тап- таза, жап-жарық болып кетті. Міне, керемет! Жүрегімізде әдемі гүл ашылып келеді. Қандай әдемі! Түрлі- түсті жапырақтар құлпырып тұр. Бұл сіздің отбасыңыз. Ал гүлдің ортасындағы дөңгелек бұл сіздің балаңыз. Бұл жәй гүл емес, сүйіспеншілік гүлі. Көзіңізді жұмып осы гүлдің

елестетіңіздер. Ол әлі кішкентай. Күн оны жылытып, өсуіне көмектеседі. Гүлдің иісін иіскейміз. Міне, бізде қандай ғажап гүл пайда болды.

Ал, енді осы сәтті қағаз бетіне түсіріп, ата-аналар ақ параққа гүлдің суретін салып, гүлдестерге баласына деген сүйіспеншілігін жазып, өз ой-пікірлерін айтады.

**«Қызықты сұрақтар» ойыны ( доп лақтыру арқылы немесе қағазға сұрақтарды орап, қатысушылар оралған қағазды ашып, бір-біріне лақтырып, біртіндеп ашып, сұрақтарға жауап береді)**

1. Балаңыздың туған күні?
2. Сынып жетекшісінің толық аты-жөні?
3. Балаңыз спорттың қандай түрін жақсы көреді?
4. Балаңыз қандай өлшемде аяқ киім киеді?
5. Балаңыздың досы кім?
6. Балаңыз қандай түсті жақсы көреді?
7. Балаңыздың бірінші тісі қанша айында шықты?
8. Балаңыздың сүйікті асы қандай?
9. Балаңыз сізді ренжіткенде, ең алдымен, қандай сөз аузыңызға түседі?

Берілген сұрақтарға ата-анасының жауабы мен баланың жауабы сәйкес келе ме тексеріледі.

**“Адасқан әріптер” ойыны.**

Жүргізуші сұрақтар береді, 4 ойыншы бала шығып, әріптерден сөз құрау қажет.

- ✓ Күннің нұры, күннің сәулесі (шуақ)
- ✓ Қысқы ойында қолданылатын сырғанау құралы (шана)
- ✓ Төрт түлік малдың тұрақтайтын мекені (қора)
- ✓ Егін шабатын құрал (орақ)
- ✓ Барлық адамның жақсы көретін қағазы (ақша)

**“Мұхиттағы кеме”** Ата-аналар мен білім алушылар кеме салынған суретке өз арман тілектерін жазып, көк мұхитқа еркін жүзуге жібереді (қатысушылар көк матаға жапсырады кемені). Жүргізуші арман-тілектерінің мұхитта еркін жүзуіне сәттілік тілеп көк матадағы тілектерді оқиды.

**«Бейсана кеңестері»** метафоралық ассоциативті карталармен жұмыс өткізіледі. Қатысушылар карточка таңдап, өз ішкі сезімдерімен, жай-күйімен таныстырады, содан соң бейсаналы түрде таңдаған карточкада суретке жауабын оқи алады.

Семинар соңында рефлексия өткізіледі. **Рефлексияда** қатысушы қыз балалар суретті карточка таңдап, өткізілген сабақ туралы өз пікірін карточкадағы сурет арқылы баяндайды.

Халқымыздың зиялы азаматы Б.Момышұлы былай деген екен: «жаудан да, даудан да қорықпаған қазақ едім. Енді, қорқынышым көбейіп жүр. Балаларын бесікке бөлемеген, бесігі жоқ елден қорқам. Дәмді, дәстүрді сыйламайтын балалар өсіп келеді, оның қолына қылыш берсең, кімді де болса шауып тастауға даяр. Қолына кітап алмайды. Үйреніп жатқан бала жоқ, үйретіп жатқан әке, шеше жоқ». Бауыржан атамыз бүгін де арамызда жоқ, ол кісі көтерген мәселе бәрімізді де алаңдатуы тиіс. Бұл ата – анаға ой салады деген ойдамын. «Жұмыла көтерген жүк жеңіл» демекші, баланы бірлесе отырып тәрбиелейік дей келе бүгінгі семинарымызды аяқтайық.